



СПОРТТЫҢ МАЙЫН ІШКЕН


Қазақ күресіне деген қызығушылық жылдан жылға артып келе жатқанына ешкімнің шүбәсі жоқ шығар. Осымен үшінші мәрте өткізіліп отырған "Қазақстан барысы" турнирін тамашалауға қазекем бар шаруасын сырып қойып, теледидар алдында отырып, отбасымен тамашалауы ұлттық спортқа, ұлттық дәстүрге құрмет деп айтпасақ лажың қайсы. Тікелей айтар болсақ "Атан өлсе сойылар, атаң өлсе қойылар, мұндай қансонар қайдан табылардың" өзі.

Атан жілік, бура сан баһадүрлер сайысқа түсіп жатса, бойында қазақ қаны бар жанкүйер нағып шыдасын. Баласы атқа шапса, атасы үйде отырып тақымын қысардың" кебін киіп, өз жерлесіңді іздеп тауып, соның жеңгенін тілерің тағы анық.

Қайсыбір көрермен турнирге қанша пауан қатысарын, өткен турнирдегіден өзгешелікті жіпке тізгендей санап берерін қайтерсің. Нағыз жанкүйер деген осылай болу керегі де жөн шығар. Көзі қарақты жанкүйер 2011 жылы әр облыстан 4 балуанның қатысуына мүмкіндік беріліп, турнирде 64 балуанның белдескенін жақсы біледі. Ал кейінгі турнирлерде финалға 34 балуан шығып отыр. Одан бөлек белдесуге балуандар қазақы шапанды желбегей жамылып киіз үйден кілемге қарай аттауы да жарасым тұр. Ең бастысы ұлттық рухтың ісі аңқып тұрғандығы және турнир өткізіліп жатқан велотректің іші көрерменге лық

толы болуы. Ине шанышар орын жоқ десек артық айтқандық болмас. Бұл да ұлттық ойынға көрсетілген құрмет.

Әрине, Республика тұрғындары Қазақстан ба-



рысы" турнирінің шешуші айқастарын "Қазақстан" және "КТК" телеарнасынан көрді. Осы беделді арнада репортаж жүргізген жерлесіміз Сейсенбай Қапасұлы Жанасылов. Әлемдік жарыстарда еліміздің атынан төрешілік етіп жүрген, самбо күресінен халықаралық дәрежедегі экстрас класс төреші Сейсенбай Жанасыловтың байрақты бәсекелерден хабар жасап жүргенінен спорт сүйер Қауым бұрыннан хабардар.

Ұлттық дәстүрдің уызына жарыған, мәдениетін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрлерін жетік білетін жан ұлттық, спортты өрістетуге барлық жан-тәнін аямай, білек сыбана кіріскен нағыз ұлтжанды азамат. Ол өзінің алғашқы хабар жүргізген сөтін былайша еске алады:

- Еліміз егемендік алған соң 2005 жылы Астана қаласында самбодан бірінші рет әлем чемпионаты өткізілген болатын. Сонда бас хатшылықта жүрген маған "Хабар"

телеарнасынан тікелей репортаж жүргізуге тура келді. Бұл жарысқа Елбасының өзі катысып, жеңімпаз Ақтөбелік Асхат Шахаровқа алтын медаль таққан болатын.

Иә, күрестің жілігін шағып, майын ішкен жанға күрестен тікелей эфирден хабар тарату қиынға соқпаған. Ең бастысы өзін еркін сезініп, хабарды жан-жақты жеткізуі. Одан кейін де халықаралық деңгейдегі әртүрлі жарыстардан тікелей хабар жүргізген. Жұртшылық көгілдір экраннан Сейсенбайдың өзін көрмесе де даусынан, сөз сөйлеу мәнерінен жағымды қоңыр дауысынан жазбай танытын. "Қазақстан барысы" турнирін "Боец" каналынан комментатор Мазуров Романмен 7 сағат табан аудармай пікірлесіп отырып жүргізуі оның нағыз сегіз қырлы, бір сырлы азамат екенінен хабар бергендей. Ондай арналар екінін бірін хабар жүргізуге тарта бермейтіні тағы анық. Таңдау Сейсенбайға түсуі де көп жайды аңғартқандай. Ұлтын жан-тәнімен сүйетін, оның мәртебесін өсіретін осындай ұлтжанды азаматтар екені анық. Әлемдік деңгейдегі білікті төреші бұл жолы да қазақша күрестің қыр-сырын жақсы білетіндігін паш етіп, шетелдік жанкүйерлердің қазақ күресіне деген қызығушылығын оятуға өзіндік үлес қосқаны анық. Елімізге белгілі бетке ұстар, үлгі тұтар азаматқа халқының атынан осы шабысыңнан талма, халқыңның көңілінен шыға бер демекпіз.

Өз тілшімізден.